

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ШОЛУ 2025 жылдың IV-тоқсаны үшін


Жеке тұлғалардың депозиттері нарығының даму серпіні

Депозит нарығының өсімі 2025 жылы бәсеңдеді, бірақ бәрібір депозиттер ағымдағы экономикалық жағдайда ақша жинаудың басты әдісі болып қалуда. Инфляция – халықтың ақша жинау қабілетіне қысым көрсету көздерінің біріне айналды. Ол 2025 жылы 12,3%-ды құрады¹ (2024 жылы – 8,6%²). Нәтижесінде халықтың шынайы ақшалай табысы төмендеді – соңғы қолжетімді деректер бойынша 2025 жылдың желтоқсанда нақты ақшалай табыс индексі 94,0%-ға тең болды³. Осы ретте табыстың басым бөлігі әдеттегідей күнделікті қажеттіліктерге жұмсалады – 2025 жылдың 3-тоқсанында шығыстардың 91,5%-ы тұтыну қажеттіліктеріне, оның ішінде 52,3%-ы азық-түлік тауарларына шығындалды⁴. Осылайша ең керекті қажеттіліктерден кейін қолда қалатын артық ақшаның азаюына қарамастан, 2025 жылы жеке тұлғалардың депозиттерінің көлемі 14,7%-ға көтеріліп, 28,2 трлн теңгеге жетті. Сонымен 2025 жылдың соңына қарай депозиттердің өсімі 2024 жылға қарағанда төмен болғанымен (2024 жылы – 20,3% және 2023 жылы – 20,6%), депозиттер ақшаны инфляциядан қорғайтын ғана емес, кепілдендірілген нақты табыс алуға мүмкіндік беретін танымал қаржы құралы болып қалуда. Бұл Ұлттық Банктің жүргізген сауалнамасымен де расталады: респонденттердің 70,2%-ы жинақ ақшаларын банктердің депозиттерінде сақтайды⁵ (1-сурет).


Қазақстандықтардың теңгемен ақша жинауға деген қызығушылығы – халық депозиттерінің өсуіне қатысты басты қозғаушы күшке айналды. Айталық, 2025 жылы нарықтың өсуінде теңгелік депозиттердің алар үлесі (п.т.) 14,3 п.т.-ты құрады (2-сурет). Бұған Ұлттық Банктің ағымдағы ақша-кредит саясатының нәтижесінде нарықта қалыптасқан жоғары пайыздық мөлшерлемелер септігін тигізуде. Жеке тұлғалардың депозит нарығында ұлттық және шетел валютасындағы салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелеріндегі айырмашылық соңғы 10 жыл бойы сақталып келеді. Ал соңғы екі жылда осы екі түрлі валюта бойынша депозиттер арасындағы табыстық бойынша алшақтық базалық мөлшерлеменің өсуіне байланысты тіпті алшақтап кетті. Бұл теңгелік активтердің тартымдылығын одан бетер арттырып жіберді. Сәйкесінше салымшыларды теңгелік қаржы құралдарын таңдауға ынталандыруда. Нәтижесінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша теңгелік депозиттердің көлемі 18,9%-ға өсіп, 22,0 трлн теңгеге жетті. Ал валюталық депозиттердің көлемі мардымсыз ғана өсті: бар болғаны 1,8%-ға жоғарылап, 6,2 трлн теңгені құрады (3-сурет).

Жеке тұлғаларға тиесілі депозиттердің долларсыздануы салымшылардың бұқаралық сегментін ғана емес, орта

1-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері 28 трлн теңгеден асты



2-сурет. Халық депозиттерінің өсімін негізінен теңгелік түсімдер қамтамасыз етті



3-сурет. Валюталық депозиттердің көлемі тұрақты, бірақ теңге нығайған соң, оның долларлық баламасы өсті



¹ ҚР ҰБ Инфляциялық үрдіс, <https://nationalbank.kz/ru/news/inflyacionnye-tendencii/rubrics/2315>

² ҚР ҰБ Инфляциялық үрдіс, <https://nationalbank.kz/ru/news/inflyacionnye-tendencii/rubrics/2192>

³ Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>

⁴ Ұлттық статистика бюросы, Қазақстан Республикасы халқының шығыстары мен кірістері (2025 ж. III-тоқсаны), <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/publications/358728/>

⁵ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Инфляциялық болжам бойынша сауалнама нәтижелері, <https://nationalbank.kz/ru/page/inflyacionnye-ozhidaniya>


және ірі сегменттерді де шарпуда⁶. Жыл соңында теңге бағамының нығаюы, сондай-ақ халықтың теңгелік депозиттерге деген қызығушылығы нәтижесінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғаларға тиесілі депозит нарығындағы долларсыздану деңгейі 2,8 п.т-қа төмендеп, тарихи минимум – 21,9%-ға түсті (4-сурет). Халықаралық тәжірибеде мұндай көрсеткіш долларланудың қолайлы деңгейі деп қабылданады. Айталық, Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорының зерттеулерінде шартты түрде долларлану деңгейінің 50%-дан асуы жоғары, ал 20%-дан төмен болуы бірқалыпты немесе төмен болып есептеледі⁷. Бұқаралық сегментте валюталық депозиттердің үлесі сонау 2020-жылда-ақ 20-пайыздық көрсеткіштен төмендей бастады. Бірақ орта және ірі салымшылар әлі де өздерінің жинақ ақшаларының елеулі бөлігін валютада сақтап келді. Ал 2025 жылы енді орта сегмент бойынша да долларлану деңгейі 20%-дық шектен төмендеді. Ірі сегмент бойынша долларланудың ең жоғары сандарлы шегі – 50%-дан төмендей бастады. Бұл депозиттерді долларсыздандыру саясатындағы маңызды меже. Оны Ұлттық Банк сонау 2015 жылы бастаған еді. Сол кезде бүкіл еліміз бойынша жеке тұлғаларға тиесілі депозиттердің 80%-ы шетел валютасында болатын.

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы⁸


Бұқаралық сегмент депозит нарығының негізі болып қалуда. Оның тұрақтылығы мен өсімін қамтамасыз ететін осы сегмент. Бұл сегмент халықтың депозиттік портфелінің жартысын құрайды – оның үлесі жылдың соңына қарай 49,7%-ды (бір жыл ішінде +0,5 п.т.) құрады (5-сурет). Әдетте азынаулақ жинақ ақшасы бар салымшылар сақтанымпаздық көзқараста болады – олардың басты мақсаты қосымша тәуекелге барып, қосымша табыс алу емес, керісінше қолда бар қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету және табыстылықтың аса жоғары болмаса да нақты, сенімді болуы. Сәйкесінше депозиттер – мұндай салымшылар үшін ең оңтайлы және қолжетімді қаржы құралы болып табылады. Нәтижесінде 2025 жылы халық салымдарының жалпы өсімінде бұқаралық сегменттің алар үлесі (14,7 п.т.ішінде) 7,9 п.т.-ты құрады.

Орта сегмент ең тез өсетін сегментке айналды. Ондағы салымшылар – анағұрлым белсенді және қаржы жағынан сауатты. Бұл сегменттің салымшыларында табыс деңгейі жоғары. Сәйкесінше олар банк өнімдерін мұқият талдап, зерделеп, шынайы табыстылығы инфляциядан едәуір жоғары салым түрін таңдайды. Орта сегменттің үлесі 2025 жылы 1,2 п.т.-қа өсіп, 18,6%-ға жетті. Жеке тұлғаларға тиесілі депозиттердің өсімінде орта сегменттің алар үлесі (14,7 п.т. ішінде) 3,4 п.т.-ты құрады. Үлесінің аздығына қарамастан, жоғары ақша жинаушылық қабілетті осы орта сегменттегі салымшылар көрсетуде және салымдарының көлемін белсене арттыруда: 2025 жылы депозиттердің жалпы көлемі бойынша


4-сурет. Барлық санаттағы салымшылардың ынтасы теңгелік депозиттерге ойысуда



5-сурет. Бұқаралық сегмент депозиттік база құрылымының негізі болып қалуда



6-сурет. Депозиттердің өсімінде орта сегмент көш басында



⁶ Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер;
⁷ «Escaping the Financial Dollarization Trap: The Role of Foreign exchange Intervention», IMF Working Papers Volume 2024: Issue 127
«Deposit dollarization: what's happening, what can be done?», World Bank, September 2004
«Financial De-Dollarization: A Global Perspective and the Peruvian Experience», IMF Working Paper, April 2016
⁸ Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер

өсім 19,3%-ды, ал таза теңгелік салымдар бойынша 24,0%-ды құрады (6-сурет).


Ірі сегментте қаражаттың депозиттерден балама инвестиция құралдарына ағылу үрдісі байқалуда. Иә, ірі салымшылар әлі де теңгелік депозиттерге қызығушылық танытады (жылдық өсім – 19,1%), бірақ депозиттердің жиынтық сомасы бойынша ірі сегменттің өсімі өте төмен – 2025 жылы – 10,2% (+0,8 трлн теңге) болса, оған дейінгі 2024 жылы өсім 24,6% болған еді (+1,6 трлн теңге). Нәтижесінде ірі сегменттің үлесі 2,3 п.т.-қа қысқарып, 31,7%-ға тұрақтады. Жинақ ақшалары көлемді болғандықтан ірі салымшылардың көздейтін басты мақсаты – ақшаның сақталуы мен табыстылығын тең ұстау, сондай-ақ жинақ ақшаларын валюталық тәуекелдерден және инфляциядан сақтандыру (хеджерлеу). Соңғы жылдары бағалы қағаздар нарығындағы және шетелдік банкттердегі депозиттер бойынша табыстылықтың өсуін ескере отырып, ірі қазақстандық салымшылар ішінара балама қаржы құралдарына ақша сала бастады. Мақсаттары – жинақ ақшаларын әртараптандыру және валюталық активтері бойынша табыстылықты арттыру. Әрине, бұл үрдісте жүйелік тәуекел (қауіп-қатер) жоқ, дегенмен жеке тұлғаларға тиесілі депозит нарығындағы өсімнің не үшін бәсеңдеп жатқанының бір себебі болуы мүмкін.

Салымдарды мерзімділік өлшемшарты бойынша орналастыру құрылымы


Жеке тұлғаларға тиесілі депозиттік портфельдің құрылымы өзгеруде – салымшылар саналы түрде мерзімді және жинақ салымдарды таңдап жатыр. 2025 жылы салымшылардың ынта-ықыласында өзгеріс орын алды – мерзімсіз салымдардың көлемі 4,1%-ға қысқарып кетті, әйтпесе бұған дейін тұрақты түрде өсіп келген болатын (2024 жылы мерзімсіз салымдардың өсімі 19,2%-ды, 2023 жылы 23,1%-ды құрады). Сәйкесінше 2025 жылы мерзімсіз депозиттердің үлесі 10,4 п.т.-қа қысқарып, 53,0%-ға тұрақтады (7-сурет). Бір мезгілде мерзімді салымдардың көлемі 2025 жылдың қорытындысы бойынша 14 еседен астамға, ал жинақ салымдардың көлемі 1,5 еседей өсті. Қаражаттың мерзімсіз салымдардан мерзімді және жинақ салымдарға ағылуы – бұл салымшылардың жинақ ақшаларын өтімділік пен табыстылық арасында қайта теңдестіруге бағытталған өте ақылды қадам. Нәтижесінде депозит нарығының өсуіне негізінен осы мерзімді және жинақ салымдар үлес қосты – (14,7 п.т. ішінде) 13,2 п.т.

Мерзімді және жинақ салымдардың тартымдылығының артуы банктер үшін едәуір қымбат, бірақ едәуір тұрақты ақша қорланымына өту дегенді білдіреді. Салымшылардың өздеріне тиесілі жинақ ақшаларының бір бөлігін өте икемді мерзімсіз салымдардан алып, мерзімінен бұрын алу жағынан шектеу қойылған депозиттерге салуы банктердің пассивтерінің тұрақтылығын арттырады және өтімді активтердің тез тарқатылып кету қаупін төмендетеді. Сондай-ақ кассада және корреспондент шоттарда жатқан ақшалардың көлемін азайтып, оларды пайда әкелетін белсенді операцияларға пайдалануға мүмкіндік береді. Банктер мерзімді және жинақ салымдар бойынша едәуір жоғары пайыздар төлейді. Бұл олардың шығындарын арттыратыны рас, бірақ сол ортада банктердегі ақша қорының

7-сурет. Халықтың мерзімсіз салымдардағы қаражаттары біртіндеп мерзімді және жинақ салымдарға қарай ағылуда



8-сурет. Мерзімді және жинақ салымдардың басым үлесі – бұл қысқа мерзімді салымдар*



* Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 25 хаттамасы негізіндегі шешімімен бекітілген Жеке тұлғалардың ұлттық және шетел валюталарында жаңадан тартылған салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мөлшерлерін анықтау және белгілеу әдістемесіне сәйкес депозиттерді жіктеу

құбылмалылығы төмендейді және банк секторы балансының құрылымы жақсарады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша тұрақты ақша қорланымының⁹ үлесі 11,3 п.т.-қа өсіп, 12,7%-дан 24,0%-ға жетті. Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша бұл көрсеткіштің өсімі одан да жоғары – 14,4 п.т., яғни 17,1%-дан 31,5%-ға ұлғайды (7-сурет).

Тұрақты ақша қорланымының құрылымында қысқа мерзімді салымдар басым. Банктер ең жоғары пайыздық мөлшерлемелерді қысқа мерзімді салымдар бойынша ұсынуда. Мақсаттары – пайыздық тәуекелдерін барынша азайту. Мұны түсінуге болады. Өйткені нарық жағдайында алдағы кез келген уақытта ақшаның құны төмендеп кетуі ықтимал. Дегенмен атап өту керек, нарықта банктер тарапынан ұзақ мерзімдер бойынша тартымды пайыздық сыйақы ұсынатын жекелеген ұсыныстар баршылық. Мұның өзі салымшыларға ұзақ мерзімде тұрақты жоғары табыс алып тұру үшін жинақ ақшаларының бір бөлігін ұзақ мерзімді салымдарға салуға мүмкіндік береді. Алайда салымшылардың көпшілігі ақшаларын мерзімінен бұрын алуға болмайтын ұзақ мерзімді салымдарға салуға қорқады. Өйткені аяқ астынан ақшаны алу қажеттілігі туындауы мүмкін. Сонымен оның орнына қысқа мерзімге салып, жоғары пайыз алғанды қалайды. Нәтижесінде мерзімді және жинақ салымдар портфелінің негізгі үлесі – 97,7%-ы 6 айға дейінгі салымдарға тура келеді, 1,4%-ы – 6 айдан 12 айға дейінгі салымдарда, 0,9%-ы – мерзімі 12 айдан жоғары салымдарда жатыр (8-сурет). Біртіндеп нарықтың, халықтың әл-ауқаты мен қаржылық сауаттылығының артуы ақша жинау мерзімін сөзсіз ұзартады. Ал бұл экономикаға ұзақ мерзімге кредит беруге жағдай жасайды, өтімді активтердің азайып кету қаупін сейілтеді және нарықтың барлық қатысушылары үшін тұрақты қаржы жоспарын жасауды қамтамасыз етеді.

Сыйақы мөлшерлемелері

2025 жылы барлық депозиттік өнімдер бойынша табыстылық өсті. 2025 жылдың барысында Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені екі рет: наурыз және қазан айларында көтерді. Нәтижесінде оның деңгейі қаңтар айындағы 15,25 п.т.-тан жыл соңында 18,00 п.т.-қа дейін жоғарылады. Сол екен, 2025 жылдың наурыз-сәуірінде нарықта көбінесе мерзімсіз салымдар бойынша банктер мөлшерлемелерді көтере бастады. Екінші толқын қазан-желтоқсан айларына тура келді. Бұл ретте мөлшерлемелер әсіресе мерзімді және жинақ салымдар бойынша жиі қайта қаралып жатты. Ол кезде мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер онсыз да жоғары деңгейде болатын. Сондықтан банктер өздерінің пайыздық тәуекелдерін азайту мақсатында мерзімінен бұрын алу бойынша шектеу қойылған тұрақты депозиттер бойынша ғана көтеріңкі табыс ұсынуға дайын болды.

Соның нәтижесінде жыл соңында орташа нарықтық мөлшерлемелер:


- мерзімсіз салымдар бойынша 15,2% (2025 жылы +1,0 п.т.) (9-сурет);

9-сурет. Жоғары базалық мөлшерлеме аясында мерзімсіз салымдар бойынша табыстылық бірқалыпты өсуде




10-сурет. Сыйақы мөлшерлемелері барлық дерлік сегменттер бойынша өсті

а) толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер*



* Нарықтық мөлшерлеме есебіне банктердің сыйақы мөлшерлемесі 0,1%-ға тең немесе төмен салымдары қосылмайды. Осыны ескере отырып, мерзімі 1 айға дейін болатын, толықтыру құқығы бар, тұрақты салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме жоқ, өйткені бұл санатта мөлшерлемесі 0,1%-дан төмен овернайт қарыздары басым.

б) толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер



⁹ Тұрақты ақша қорланым тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі аясында ашылған депозиттерді қоспағанда, мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды

- толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер белгіленген мерзіміне қарай құбылады (9-а сурет):

1-6 ай – мөлшерлеме 19,9% (2025 жылы +5,1 п.т.);

6-12 ай – 16,2% (+4,5 п.т.);

12-24 ай – 7,6% (+1,6 п.т.);

24 айдан жоғары – 13,1% (+5,4 п.т.);

- толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша (9-б сурет):

1 айға дейін – 18,3% (+3,3 п.т.);

1-6 ай – 19,0% (+1,7 п.т.);

6-12 ай – 15,7% (+0,3 п.т.);

12-24 ай – 15,5% (-0,8 п.т.);

24 айдан жоғары – 9,5%-ды (-1,0 п.т.) құрады.

Банк депозиттері бойынша мөлшерлемелер мен Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі арасындағы алшақтық (дифференциал) салымдардың көптеген санаты бойынша қысқарды (11-сурет). Халық депозиттерінің табыстылығына жүргізілген талдау осыны көрсетті. Тек анағұрлым бәсекелі және тез дамып жатқан сегмент – толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар ғана өз деңгейін сақтады. Жыл соңына қарай олар бойынша табыстылық керісінше көтеріліп, базалық мөлшерлемеден 2 п.т.-қа дейін асып кеткен болатын. Табыстылық бойынша алшақтықтың тарыла бастауы депозиттер бойынша мөлшерлемелердің жеткілікті жоғары деңгейге жеткендігін және Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатына сәйкес келетіндігін көрсетеді. Енді банктердің депозиттер бойынша мөлшерлемелерді әрі қарай көтере қоюы екіталай. Өйткені банктер жүргізіп жатқан бизнесінің маржиналдылығын (табыстылығын) сақтауы керек қой.

Базалық мөлшерлеменің 2026 жылдың алғашқы жартысында базалық мөлшерлеменің өз деңгейінде сақталу ықтималдығы жоғары екендігі туралы Ұлттық Банктің риторикасын ескепке алатын болсақ, жеке тұлғалардың депозиттер бойынша табыстылық ағымдағы деңгейлерінде сақталуы мүмкін. Тек жекелеген салымдардың мөлшерлемелеріне ғана түзетулер енгізілетін шығар. Қазір инфляция біртіндеп бәсеңдеп, азаматтардың табыстары өсе бастаған шақта халықтың ақша жинаушылық қабілеті нығайып, банк салымдары шынайы түрде барынша тиімді бола түседі. Яғни жұртшылық салымдар өздерінің анағұрлым тартымды және сенімді қаржы құралы екендігіне тағы да көз жеткізеді. Бұл депозит нарығының әрі қарай дамуына серпін береді. ҚДКБҚ өз кезегінде салымшыларды депозит өнімін саналы түрде байыппен таңдауға шақырады: депозитті ашу барысында пайыздық мөлшерлемелерге ғана емес, банктік қаржылық орнықтылығына да мән беру керек, сондай-ақ қол қоймай тұрып, банк салымы шартының талаптыран және төмендегі максималды кепілдік сомаларын мұқият оқып зерделеу қажет:

теңгелік жинақ салымдары бойынша – 20 млн теңгені;

теңгедегі басқа да салымдар, шоттар мен карточкалар бойынша – 10 млн теңгені;

шетел валютасындағы депозиттер бойынша – 5 млн теңгені құрайды.

бір салымшыға салымдардың барлық түрлері бойынша бір банктегі кепілдіктің жалпы мөлшері 20 млн теңгені құрайды.

11-сурет. Депозиттер бойынша табыстылық банктердің маржиналдылық қорының қысқарғандығын көрсетеді

